

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**«Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби
құзыреттіліктерін дамыту» бастауыш мектептері және жалпы
мектептердің бастауыш мұғалімдеріне арналған**

Бағдарлама авторы:

Кенжебаева А.Т. - «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру»
кафедрасының п.ғ.к., доценті

Бағдарлама келесі нормативтік-құқықтық құжаттарды ескере отырып әзірленген:

Бағдарламаның тақырыптық-күнтізбелік жоспарын әзірлеу барысында келесі нормативтік-құқықтық құжаттар басшылыққа алынды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарды. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>);

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс жасау қағидалары» туралы №377 бұйрығы (25.08.2022), ҚР Білім және ғылыми министрлігінің «Оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары» №4 бұйрығы (12.01.2022) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618> және «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» №6 бұйрығы (12.01.2022) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513>.

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары.

1. Жалпы ережелер

Бәсекеге қабілетті ұстаз - жаңа ғылыми білімдерді іздеуге, меңгеруге дейін, тез және дұрыс шешім қабылдай алатын, өзінің кәсіби қабілеттілігіне сенімді, шығармашыл, кәсіби құзіретті тұлға ретінде сипатталады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – «сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет» деп атап көрсеткендей, әрбір оқушының жеке, дербес қабілеттерін ашуға, шыңдауға толықтай жағдай жасап, оларды білімді өз бетінше іздеп табуға, шығармашылыққа үйрететін ізденімпаз, шебер, кәсіби құзіретті мұғалім даярлау қоғамның қазіргі сұранысынан туындап отыр.

Осыған орай білім беру бағдарламасы «Бастауыш мектепте жеке пәндерді оқыту барысында оқыту технологияларын қолдану әдістері» курсы бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзіреттілігін дамытуға және қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама мазмұны білім беру сапасын бағалау саласындағы нормативтік құжаттарды, акмеологияның теориялық және практикалық мәселелерін қарастыруға, өлшемдердің мәліметтерін өңдеу және талдау, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша білім беру жағдайы мен тиімділігі бойынша тәжірибе жинақтауға бағдарланған.

Педагог кәсібімен айналысатын адам үнемі бақылау үстінде болатыны анық. Мұғалімдікті тандаған адам басқаларға үнемі үлгі-өнеге көрсете алу керек, себебі бұрыннан бері халық арасында ұстаз беделі, ұстаз абыройы жоғары бағаланған. Оның білімімен, біліктілігімен, ақылдылығымен қатар сөйлеген сөзі, киінген киімі, жүріс-тұрысы, адамдармен қарым-қатынасы барынша үйлесімді, жарасымды болуы шарт. Осыдан талаптарға сай даярланған бастауыш сынып мұғалімдері жаңа сапалы деңгейлерге көтеріліп, жылдан жылға дамып, бәсекеге барынша қабілетті, қоғам болашағына елеулі үлестерін қоса алатын, кәсіби құзіретті болуы, цифрлы ұстаз болуы өте маңызды.

2. Глоссарий

Білім беру – имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі.

Білім беру қызметі – білім беру субъектілерінің мақсатты, педагогтік негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында жеке адамды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс.

Білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені.

Оқу бағдарламасы – әрбір оқу сабағы, әрбір оқу пәні және (немесе) модуль бойынша меңгерілуге тиіс білімнің, машықтың, дағды мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

Оқу жоспары – тиісті білім беру деңгейінде білім алушылардың оқу сабақтарының, оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің, кәсіптік практиканың, өзге де оқу қызметі түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбекті қажетсінуін) және бақылау нысандарын регламенттейтін құжат.

Оқыту – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білімдерді, машықтарды, дағдыларды және құзыреттерді иелену, қабілеттерді дамыту, білімдерін күнделікті өмірде қолдану тәжірибесін иелену және бүкіл өмір бойы білім алуға ынталануын қалыптастыру жөніндегі қызметін ұйымдастырудың мақсатты бағытталған процесі.

Оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар.

Тыңдаушы – білім беру ұйымында қосымша білімнің және дайындық бөлімінің білім беру бағдарламалары бойынша білім алып жатқан адам.

Біліктілікті арттыру институты – үздіксіз білім беру жүйесінде кадрлардың кәсіптік біліктілігін арттырудың актуалды білім беру бағдарламаларын іске асыратын, білім берудегі әдістемелік жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін инновациялық процестерді қолдауды жүзеге асыратын білім беру ұйымы.

Педагог қызметін курстан кейін қолдау – педагогтің кәсіптік құзыреттілігін оның курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі.

3. Бағдарлама тақырыбы

Бастауыш мектепте жеке пәндерді оқыту барысында оқыту технологияларын қолдану әдістері.

4. Мақсаты мен міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты –бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті қабілетін, кәсіби құзіреттілігін, іскерлік дағдыларын қалыптастыру, оқу-тәрбие процесіне инновациялық технологияны тиімді ендіру жолдарын анықтау.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті қабілетін қалыптастыру;
2. Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдірудің қажеттілігін қалыптастыру;
3. Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби өсуінің алғы шарттарын анықтау;
4. Бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық-интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыру: андрагогикалық, акмеологиялық, синергетикалық, аксеологиялық құндылықтар;
5. Үздіксіз білім беру жүйесінде бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті қабілетін қалыптастыру жолдарын айқындау.
6. Мектептің оқу-тәрбие процесіне инновациялық технологияларды енгізу жолдарын меңгерту;
7. Нормативтік-құқықтық, әдістемелік, дидактикалық құжаттармен қамтамасыз ете отырып, кәсіби қызмет нәтижелерін нормативті құжат талаптарына сай бағалай білуді, зерделеуді үйрету;
8. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық коммуникативтік технология бойынша құзыреттіліктерін дамыту.

Күтілетін нәтижелер

Курс соңында тыңдаушылар:

- 1) Бастауыш сынып мұғалімдерінің өзін-өзі жетілдіру, кәсіби жолдарын анықтауға мониторингтік сараптама жасай білу және оның ары қарай дамуын; креативтілік қабілетін қалыптастыру құзыреттілігін меңгереді;
- 2) Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу-тәрбие процесінде инновациялық технологияларды тиімді қолдануды меңгереді;
- 3) Бәйкес бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу-тәрбие процесіне білім беру процесін ұйымдастыру сапасын бағалау және диагностиканы дамытуды сараптау; қазіргі ғылыми зерттеулер негізінде, зерттеу жүргізу және өз әрекетін талдау дағдыларын меңгерген;
- 4) Педагогикалық әрекеттерді қарқындату жағдайында қазіргі АКТ-технологияларды, интербелсенді әдіс-тәсілдерді меңгереді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен тақырыптары

Бағдарлама 6 модульден тұрады:

- 1) нормативтік-құқықтық;
- 2) психологиялық-педагогикалық;
- 3) мазмұндық;
- 4) технологиялық;
- 5) практикалық;
- 6) білім нәтижелерін бақылау және бағалау.

Нормативтік-құқықтық модульде: Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Халқына жыл сайынғы Жолдауы, Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі Тәрбие тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» [Заңы](#), білім сапасы, педагогтың мәртебесі, педагогтың біліктілігін көтеру мәселелері қарастырылады

Психологиялық-педагогикалық модульде: тыңдаушылардың сыни және шығармашылық ойлауын мадақтау, күрделі мәселелерді алға қойып және оны шешуге мүмкіндік беретін әр түрлі құрылымдар жіктеледі:

Бастауыш сынып мұғалімінің біліктілігін жоғарылату курсы жүйесіндегі психологиялық-педагогикалық модульдің орны;

Бастауыш сынып мұғалімінің біліктілігін жоғарылату курсының педагогикалық және дидактикалық негіздері;

Модульдің ішкі құрылымының теориялық-әдіснамалық мәселелері.

Мазмұндық модульде төмендегідей мәселелер қарастырылады:

- 1) Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігі;
- 2) Бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті қабілетін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері;
- 3) Бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті қабілетін қалыптастырудың андрагогикалық, синергетикалық, акмеологиялық, технологиялық бағыттылығы;
- 4) Бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті қабілетін қалыптастырудағы әдістемелік жұмыстар жүйесі;
- 5) Мектептің оқу-тәрбие процесінде пайдаланылатын инновациялық технологиялар;
- 6) Бастауыш сынып мұғалімдері үшін деңгейлеп оқыту технологиясы;
- 7) Бастауыш сынып мұғалімдері үшін сын тұрғысынан ойлау технологиясы;
- 8) Бастауыш сынып мұғалімдері үшін жобалап оқыту технологиясы;
- 9) Бастауыш сынып мұғалімдері үшін оқытудың мультимедиялық технологиясы;
- 10) Портфолио - бастауыш сынып мұғалімінің креативті қабілетін қалыптастыру құралы;
- 11) Жаңа білім беру мазмұнына сәйкес бастауыш сынып мұғалімінің креативті қабілетін қалыптастыруды диагностикалау.

Технологиялық модульде келесі мәселелер бойынша практикалық тапсырмалар орындалады:

- 1) Бастауыш сынып мұғалімдерінің АКТ құзыреттілігін қалыптастыру.

2) Мектептің оқу-тәрбие процесінде электронды оқу платформаларын (Google форма, quizlet, wordwall, kahoot т.б.) тиімді пайдалану технологиясы;

3) Бастауыш сынып мұғалімдерінің интербелсенді әдістерді меңгеру құзыреттілігі.

Практикалық модуль (вариативтік): практикалық сабақтар барысында қазіргі заманғы технологияларды зерттеу, тыңдаушылардың қажеттіліктеріне сәйкес белгілі бір тақырыпты тандау мүмкіндігі беріледі:

1) Бастауыш сынып мұғалімі үшін креативті қабілетті қалыптастырудағы инновациялық технологиялар;

2) Бастауыш сынып мұғалімі үшін сыныпты тиімді басқару;

3) Бастауыш сынып мұғалімі үшін креативті қабілетін дамытудағы рефлексияның рөлі.

4) Бастауыш сынып мұғалімі өз қызметінде түрлі аспектілері бойынша шебер-сыныптар, кездесулер өткізу.

5) Бастауыш сынып мұғалімімен сабақтарда компьютерлік технологияларды пайдалану бойынша шебер-сыныптар өткізу;

6) Бастауыш сынып мұғалімі әр түрлі жобалар жүзеге асыру: ғылыми-зерттеу, шығармашылық, рөлдік ойын, ақпарат; интеграцияланған оқыту әдістерін қолдану;

7) Бастауыш сынып мұғалімі оқушылардың бойындағы дарындылықты дамыту факторы ретінде өнер сабақтар қызмет тәсілдерін көрсету.

«Білім беру нәтижелерін бақылау мен бағалау» модулі: білім беру нәтижелерін бақылау мен бағалаудың басты принциптерін талдауға бағытталған және келесі тақырыптарды қамтиды: модельдер, бақылау мен бағалаудың түрлері мен әдістері, бағалау критерийлері, кері байланыс және рефлексия.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Оқу процесі оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес 80 сағатқа, бағдарламаға сәйкес ұйымдастырылады.

Оқу процесін ұйымдастыру барысында тыңдаушылар білімінің сапасын бақылау мақсатында келесідей: өзіндік жұмыс, жоба жұмысы, шағын-сабақты (шағын іс-шараны) презентациялау және қорытынды тестілеу өткізіледі.

Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарының тапсырмалары:

1) Бастауыш сынып мұғалімінің келбеті, интеллектуалдық қабілеттері, сапалық ерекшеліктері.

2) «Акмелогия», «синергетика», «аксеология», «креативтік» ұғымдарының мәні.

3) Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби өсу жолдары.

4) Бастауыш сынып мұғалімінің өзін-өзі дамыту жолдары.

5) Бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық коммуникативтік құзіреттілігі.

6) Бастауыш сынып мұғалімінің өзіндік рефлексиясы.

7) Бастауыш сынып мұғалімінің креативтік қабілетін қалыптастыру жолдары.

8) Бастауыш сынып мұғалімінің АКМЕ деңгейіне жету баспалдағы.

9) Портфолио-әдістемелік жетістікті бағалау құралы.

10) Білім берудегі инновациялық технологиялар.

11) Білім берудегі интерактивті, интербелсенді әдістер.

12) Әдістемелік жұмыстардың жаңартылған формалары.

13) Білім сапасына әсер ететін факторлар, білім сапасын арттыру жолдары.

Тыңдаушылардың жоба жұмыстарының тақырыптары:

1) Бастауыш сынып мұғалімінің креативтілік құзіреттілігін қалыптастыру

2) Портфолио-әдістемелік жетістіктерді бағалау құралы.

3) Бастауыш сынып мұғалімінің креативтілік қабілетін қалыптастырудағы педагогикалық рефлексияның маңызы.

4) Бастауыш сынып мұғалімінің креативтілік қабілетін қалыптастырудағы инновациялық технологиялардың рөлі.

5) Бастауыш сынып мұғалімінің деонтологиялық қабілеті.

6) Педагог мәртебесін көтеру, педагогикалық имиджді қалыптастыру.

7) Педагогикалық шығармашылық кезеңдері.

8) Педагогикалық қызметтің ізгіліктік бағыттылығы.

9) Үздіксіз білім беру жүйесіндегі педагогтың кәсіби өсу жолдары.

10) Нәтижеге бағытталған педагогикалық процесті басқару.

11) Педагогтың кәсіби өсуін модельдеу.

12) Педагогтың кәсіби өсуін диагностикалау.

13) Педагогтың кәсіби біліктілігін анықтау өлшемдері.

14) Педагогтың кәсіби біліктілік деңгейлері.

Қорытынды тестілеуді жүргізу үшін осы бағдарламаның мазмұнына сәйкес тест тапсырмалары және билет сұрақтары анықталған.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

Білім беру процесі интербелсенді оқыту әдістерін қамтиды: дискуссиялар, «миға шабуыл», рөлдік ойындар, тренингтер, жоба қорғау, бейне сабақтарды құрастыру және талқылау, мәселені ұжымдық талқылау.

Тыңдаушылардың инновациялық технологияны өзінің сабақ беретін пәніне қарай логикалық тұрғыдан сараптамалар жасауға, пәннің мазмұнын өзіндік тәжірибеге сәйкестендіруге және алған білімдерін практикалық сабақтарда қолдануға мүмкіндік беріледі.

Оқу процесі күнделікті сабақтар мен тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарын да қамтиды. Бағдарлама қазіргі таңдағы интербелсенді әдістер мен технологияларды қолданылу арқылы тәрбие берудің тиімділігін арттыруға бағытталған. Осы ретте шебер-сыныптар, тренингтер, кездесулер, келелі кеңестер өткізіледі.

№	Сабақтың тақырыптары	Лекция-лық сабақ	Практ-лық	Барлық сағ.саны
---	----------------------	------------------	-----------	-----------------

			сабақ	
1	Нормативтік-құқықтық модуль	6	6	12
	Жыл сайынғы Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы			
1.1	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы	2	2	4
1.2	Нормативтік-құқықтық құжаттар	2	2	4
1.3	ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі Тәрбие тұжырымдамасы	2	2	4
2	Психологиялық-педагогикалық модуль	6	6	12
2.1	Бастауыш сынып мұғалімнің біліктілігін жоғарылату курсы жүйесіндегі психологиялық-педагогикалық модульдің орны	2	2	4
2.2	Бастауыш сынып мұғалімнің біліктілігін жоғарылату курсының педагогикалық және дидактикалық негіздері	2	2	4
2.3	Теориялық-әдіснамалық сұрақтардың ішкі құрылымдық модулі	2	2	4
3	Мазмұндық модуль	12	14	26
3.1	Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру, креативті қабілетін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері	2	2	4
3.2	Бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті қабілетін қалыптастырудың андрагогикалық, синергетикалық, акмеологиялық, технологиялық бағыттылығы	2	2	4
3.3	Мектептің оқу-тәрбие процесінде пайдаланылатын инновациялық технологияларды тиімді қолдану	4	4	8
3.4	Портфолио- бастауыш сынып мұғалімінің креативті қабілетін қалыптастыру құралы	2	4	6
3.5	Бастауыш сынып мұғалімінің креативті қабілетін қалыптастыруды диагностикалау	2	2	4

4	Технологиялық модуль		8	8
4.1	Бастауыш сынып мұғалімдерінің АКТ құзыреттілігін қалыптастыру		2	2
4.2	Мектептің оқу-тәрбие процесінде электронды оқу платформаларын (Googleформа, quizlet, wordwall, kahoot т.б.) тиімді пайдалану технологиясы		2	2
4.3	Бастауыш сынып мұғалімдерінің интербелсенді әдістерді меңгеру құзыреттілігі		4	4
5	Практикалық модуль (вариативтік)	8	8	16
5.1	Практикалық сабақтар барысында интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану, зерттеу. Бастауыш сыныпта сабақ барысында шебер-сыныптар өткізу	4	4	8
5.2	Әр түрлі жобалар жүзеге асыру: ғылыми-зерттеу, шығармашылық, рөлдік ойын, ақпарат, интеграцияланған оқыту әдістерін қолдану	2	2	4
5.3	Балалардың бойындағы дарындылықты дамыту факторы ретінде шебер сабақтар қызмет тәсілдері	2	2	4
6	Оқыту нәтижелерін бақылау мен бағалау модулі:	2	4	6
6.1	Бағалау модельдері, формасы мен әдістері.	2	2	4
6.2	Тестілеу, бағалау критерийлері, кері байланыс және рефлексия.		2	2
	Барлығы:	34	46	80

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың кәсіби құзіреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін бағдарлама мазмұнын қаншалықты меңгергендігін бағалайтын критерилер мен өлшемдер құрастырылған.

Өзіндік жұмысын бағалау мынадай критерилер мен өлшемдер негізінде жүзеге асырылады:

1) жүзеге асырылмаған - 0 балл;

2) ішінара жүзеге асырылған -1 балл;

3) толық жүзеге асырылған - 2 балл.

Білімді меңгеру деңгейін анықтауға келесідей өлшемдер қолданылады:

1) оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеруі;

2) практикалық тапсырмаларды орындау барысында теориялық білімді пайдалануы;

3) материалдың практикалық мәнділігі;

4) мәселені баяндауының негізделуі, толықтығы, анықтығы;

5) талаптарға сәйкес рәсімделуі.

Тыңдаушылардың өзіндік жұмысты орындауы бойынша білімдерін бағалау балдарды бесбалдық жүйеге төмендегідей аудару арқылы жүзеге асырылады:

Жоба жұмысын өткізу үшін келесі критерийлер анықталады:

1) жүзеге асырылмаған – 0 балл;

2) ішінара жүзеге асырылған – 1 балл;

3) толық жүзеге асырылған – 2 балла.

Білімді меңгеру деңгейін анықтау үшін параметрлер қолданылады:

1) мәселені түсінеді және мәселені таңдауын түсіндіреді;

2) жағдаятты талдау негізінде қайшылықтарды атайды;

3) мәселенің туындау себептерін атайды;

4) мәселені тұжырымдайды, оның себептерін талдайды;

5) мақсатты тұжырымдайды және түсінеді;

6) міндеттер мақсатқа сәйкес;

7) мақсатқа жетуге көз жеткізу тәсілдерін ұсынды;

8) мәселелерді шешу тәсілдерін ұсынды;

9) стратегия ұсынды;

10) жобамен жұмыс істеу туралы айтып берді;

11) әрекет қадамдарының тәртібін анықтады;

12) қадамдарды ұсынды және кейбір ресурстарды көрсетті;

13) ресурстарды негіздеп берді;

14) ағымдағы бақылауды жоспарлады;

15) күтілетін нәтижемен өнімді салыстырды;

Тыңдаушылардың жоба жұмыстарын орындауы бойынша білімдерін бағалау балдарды бесбалдық жүйеге төмендегідей аудару арқылы жүзеге асырылады:

1) «Өте жақсы»: 47-50 балл, (85-100%);

2) «Жақсы»: 36-47 балл, (75-84%);

3) «Қанағаттанарлық»: 25-36 балл, (50-74%).

Курс тыңдаушылары шағын-сабақты (шағын-шараны) презентациялау кезінде сабақтың, шараның түрлі кезеңдерін жоспарлау және білім мазмұнын жаңартуды есепке алып оқыту бойынша үзінді көрсетеді.

Курс тыңдаушылары шағын-сабақтарды, шағын-іс-шараны презентациялауы үшін келесідей критерийлер анықталған:

1) дағдылардың қалыптасу деңгейі - 0 балл, осы сабақта қолдануға келмейді;

2) 1 балл- дағдыланған;

- 3) 2 балл- дағды дамуда;
- 4) 3 балл – дағды қалыптасқан

Шағын сабақты, шағын іс-шараны презентациялау кезінде білімді меңгеру деңгейін бағалауға төмендегі өлшемдер алынған:

- 1) ақпаратты түсінікті жеткізуі;
- 2) нұсқауды анық және дәл беруі;
- 3) қатысушылардың түсінгендерін анықтай алуы;
- 4) аудиторияның қызығушылығын тұрақты ұстауы;
- 5) ұйымдастырылған шараның уақытын тиімді басқара алуы;
- 6) кері байланыстың нәтижелігі;
- 7) өзара сыйластық, ынтымақтастық және қолдау климатын жасауы;
- 8) шараның мақсатын қоюы және күтілетін нәтижені белгілеуі;
- 9) шараны ұйымдастыруда белсенді стратегиялары мен жаттығуларын ретімен және нәтижелі қолдануы;
- 10) қатысушылардың сұрақтарына жауап беруі, мәселелер мен келіспеушіліктердің шешімін табуы;
- 11) ашық сұрақтарды қолдануы;
- 12) талқылауды/тапсырмаларды орындауды нәтижелі аяқтауы және оқытудың кезеңдері арасында байланыс орнатуы;
- 13) ойлануға және өзін-өзі бағалауға жеткілікті уақыт береді.

Тыңдаушылардың шағын сабақтарды (шағын іс-шараны) презентациялауы бойынша білімдерін бағалау, балдарды бесбалдық жүйеге төмендегідей аудару арқылы жүзеге асырылады:

- 1) «Өте жақсы»: 35 – 39 балл (85-100%);
- 2) «Жақсы»: 29 – 34 балл (75-84%);
- 3) «Қанағаттанарлық»: 20 – 28 балл (50-74%).

9. Курстан кейінгі қолдау

Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіптік құзыреттілігін оның курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі қарастырылғын.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы.
https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30119920
2. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы.
<https://www.kstu.kz/aza-stan-respublikasy-zdiksiz-bilim-beru-zh-jesindegi-t-rbie-t-zhyrymdamasy/>
3. Нормативтік құқықтық актілер
<http://rctaraz.skom.kz/index.php/kz/n-rm-tivti-k-kyktyk-tiler>

4. Бұзаубақова К.Ж. Педагогика. Оқулық. -Тараз: ИП “Бейсенбекова А.Ж.”, 2019. -329 б.
5. Бұзаубақова К.Ж., Елубаева М.С. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Оқулық. -Тараз: ИП “Бейсенбекова А.Ж.”, 2019. -320 б.
6. Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика. Оқулық/ - Алматы: ОНОН. 2017.- 340 б.
7. Бузаубакова К.Д., Жоғары оқу орнында жүргізілетін инновациялық мазмұндағы тәрбие жұмыстары [Мәтін]: оқу-әдістемелік құрал / К. Д. Бузаубакова, С.Ж. Бупетаева, Ж.Н. Кумисбекова. - Тараз :Dulaty university , 2021. - 140б. - ISBN 978-601-7329-73-0 : 800.00.
8. Жанатбекова, Н.Ж.Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар [Мәтін] :оқуқұралы / Н.Ж. Жанатбекова, Ф. Борибекова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 248 б. - ISBN 978-601-342-110-0
9. Бұзаубақова К., Ұстаз жолымен [Мәтін] / К. Бұзаубақова. - 178б.: "Бейсенбекова А.Ж.", 2020. - ISBN 978-601-7903-51-0
10. Бұзаубақова К.Ж., Педагогикалық тренингтер [Мәтін] :Оқу құралы / К.Ж. Бұзаубақова. - Тараз : ИП "Бейсенбекова А.", 2019. - 180б. - ISBN 978-601-790346-6
11. Бұзаубақова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориясы мен практикасы [Мәтін]: Оқуқұралы / К.Ж. Бұзаубақова. - Тараз : Жазушы, 2019. - 456б. - ISBN 978-601-200-166-2
12. Манкеш А.Е., Мектепке дейінгі және бастауыш білім сабақтастығы [Мәтін]: оқу-әдістемелік құрал / А.Е. Манкеш. - Алматы: Альманах, 2019. - 158б. - ISBN 978-601-7945-19-0
13. Бұзаубақова К.Ж., Инновациялық педагогика негіздері [Мәтін]: Оқу құралы / К.Ж. Бұзаубақова. - Тараз : Білім, 2019. - 424б. - ISBN 978-601-7903-51-3
14. Көшімбетова С.А., Бастауыш сыныпта оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды тиімді ендіру жолдары [Мәтін]: Оқу-әдістемелік құрал / С.А. Көшімбетова. - Тараз: ТарМПИ, 2017. - 79б. - ISBN 9965-724-12-1
15. Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы [Электрондық ресурс] : Оқу құралы / С.Б.Бабаев. - Алматы: NURPRESS, 2020. - 416 б. <http://elib.dulaty.kz/MegaPro/Download/MObject/30540>
16. Текесбаева А.М. Математиканы оқыту әдістемесі [Электрондық ресурс]: Оқу құралы / А.М.Текесбаева. - Алматы: Отан, 2015. - 165 б. <http://elib.dulaty.kz/MegaPro/Web/SearchResult/ToPage/1>
17. Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық дарындылығын дамыту: оқуқұралы. - Алматы: ЭСПИ, 2021. - 256б. <http://elib.dulaty.kz/MegaPro/Web/SearchResult/ToPage/1>
18. Жұмабаева А.Е., Сауат ашу кезеңіндегі тіл дамыту теориясы мен әдістемесі [Мәтін] : монография /А.Е. Жұмабаева. - Қарағанды: "Medet Group" ЖШС , 2019. - 114б. - ISBN 978-601-7997-56-4